

Әлем Банк

ҰЛТ АЗШЫЛЫҒЫ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚАТЫСУЫН ҚОЛДАУ ЖОСПАРЫ

Жоба нөмірі № Р 173126

2020 жыл 28 қаңтар

Моңғолия: “Тұрақты күнкөріс-3” Қосымша қаржыландыру жобасы

(ЗУРАГ)

Әзірлеуші: “Тұрақты күнкөріс-3” жобасының бірлігі

Ұлт азшылығы азаматтарының қатысуын қолдайтын бұл жоспар Қабылдаушының төл құжаты болып табылады. Мұнда аталған ұсыныстар Әлем Банксы директорларының кеңесі, Басшылығы, қызметкерлерінің өкілеті болуды талап етпейді және алдынала жағдаймен мәлімденген ұсыныс болып табылады.

Ықшамдалған және қысқартылған сөздер:

БСҚ	Бағдарламаға сәйкестірілген қарыз
ЖАБ	Жылдық атқарылған бағаланым
АҚТ	Аймақтық қолдау тобы
ҚҚ	Қосымша қаржыландыру
ШШМ	Шағымды шешетін механизм
БЗБ	Бақылау, зерттеу, бағалау
ЖЖҚ	Жобаның жергілікті қызметкері
БАЖ	Басшылықтың ақпарат жүйесі
ББТЗ	Біріккен бюджет туралы заң
ҰААҚҚЖ	Ұлт азшылығы азаматтарының қатысуын қолдау жоспары,
ЖДҚ	Жергілікті дамыс қоры
ТОӘІҚЖ	Табиғи орта, әлеуметтік іс-қызмет жоспары
ӨЕҰ	Өкіметтік емес ұйым
ЖТ	Жұмыс тапсырмасы
ҚМ	Қазына министрлігі
КҚ	Кеңестік қызмет
ҚБ	Қаржылық басшылық
ТОБІБ	Табиғи орта ықпалының бағаланымы
ЫЖБ	Ықпалдық жалпы бағаланым

Мазмұны	
Бөлім А. Жоба туралы.....	4
Жоба Дамысының Мақсаты.....	4
Жобаның құрамды бөліктері.....	4
Құрамды бөлік 1: Жергілікті билік, күнкөрісті қолдау қабілетін пайда болғызу.....	5
Құрамды бөлік 2: Дәйекті биліктің атқаруына негізделген қолдау бағдарламасы.....	5
Құрамды бөлік 3: Жоба басшылығы, бақылау зерттеу, бағалау.....	6
Бөлік Б. Саясат және құқықтық талап.....	6
Б.1 Жер туралы заң.....	6
Б.2 Жергілікті әкімшілік.....	7
Б.3 Мекен жер, әкімшілік бірлігі туралы заң.....	8
Б.4 Әлеуметтік қамқорлық туралы заң (2005).....	8
Б.5 Ұлт азшылығы жөніндегі саясат.....	9
Бөлік С. Ұлт азшылығы азаматтарының қатысуын қолдау жоспары.....	9
С.1 Таныстыру.....	9
Ұлт азшылығы азаматтарының қатысуын қолдау жоспарын Әлем банктың ОР 4.10, «Жергілікті азаматтар»-ында көрсетілгені бойынша Моңғолияның тұрақты күнкөріс (ТК-3) жобасының 3-ші кезеңдік қосымша қаржыландыруына арнап әзірледік.....	9
С.2 Азшылық азаматтарының құқықтық және ұйымдық ауқымы.....	9
С.3 Моңғолияның ұлт азшылығы азаматтары.....	10
С.3.1 Цаатан және ТК-3 жобасы.....	10
С.3.2 Қазақ және ТК-3 жобасы.....	12
С.3.4 Цаатан азаматтарының қатысуын қанағаттандыру шараларын жоспарлау.....	12
С.3.5 Қазақ азаматтарының қатысуын қанағаттандыру шараларын жоспарлау.....	13
D. Шағымды қанағаттандыру механизмі (GRM).....	14
E. Бақылау, зерттеу, бағалау.....	14
F. Қаржыландыру.....	14
J. Ақпаратты жариялы болғызу.....	14
Бөлік Е. Сұхбат, кездесу (ұйымдастырғаннан кейін толтыру).....	14

Бөлік А. Жоба туралы

Тұрақты күнкөріс-3 (ТК-3) жобасы Тұрақты күнкөрісті қолдаудың Ұлттық бағдарламасы (2002-2016)-ның үшінші кезеңі. Тұрақты күнкөріс бағдарламасын үш сатылы Бағдарламаға сәйкестіріп қарыздық қаржыландырумен жүзеге асыруды жоспарлап әзірлегенбіз және осы түсіністіктің ауқымында Моңғолия Үкіметі мен Әлем банксының басқару кеңесінен бекітілген. Тұрақты күнкөріс жобасының Бағдарламасына сәйкестірілген қарыздың әрбір сатысының мақсаты, негізгі ерекшеліктері мен ұласатын мерзімін жобаны жүзеге асыра бастаған кезде айқындаған және жаңартыла қоймаған деуге келеді.

Кесте 1: 3 сатылы Бағдарламаға сәйкескен қарыз (2002-2022) Тұрақты күнкөріс жобасы туралы

Сатылық кезеңі	Міндеті	Негізгі ерекшелігі
Тұрақты күнкөріс жобасы-1 2002-2007	Таңдалған аумақта әзірленген, бекітілген, кепілді күнкөріс деңгейін арттыратын нәтижелі беталыс, ұйымның қуатын жасау және сол арқылы осы стратегияларды бағдарламаның 2-кезеңінде пайдалану мүмкіндігіне ие болады.	Ұйымның құрам, құрылым, іс барысын тауып белгілеу, сынақпен жүзеге асыру
Тұрақты күнкөріс жобасы-2 2007-2012	Моңғолияның ауыл халқының кедейлігін бәсеңдету ұйымының құрам, құрылымын жетілдіру жолымен күнкөріс қауіпсіздігін, тұрақтылығын қанымдау	Ұлт, аймақ, сұмын деңгейінде ұйымның құрамын, құрылымын жақсарту
Тұрақты күнкөріс жобасы-3 2015-2022	Ауыл азаматтарының кедейлігін бәсеңдету мақсатымен жобаның I,II кезеңінде қолданған оңтайлы құрам, құрылымды Моңғолия көлемінде пайда болғызу	Ұзақ мерзім тұрақтылығын қанымдайтын мамандық және ұйымдық инновацияны күрделі түрде сәйкестіру
Тұрақты күнкөріс жобасы-3 Қосымша қаржыландыру 2015-2022	Ұсынылған жобаның іс-қызметі қазір жүзеге асырылушы іс-қызметтің жалғасы болу құрамды	Ұсынылған Қосымша қаржыландыруы бөлік 1 және 2 нің ауқымына енген жобаның іс-қызметін қолдау

2002 жылы Әлем банк 3 сатылы Бағдарламаға үйлестірілген қарыздың бастапқы кезеңін бекіткен және жайылымдық мал шаруашылығының ықтималдық менежменті, мал шаруашылығы қамсыздандыруы мазмұнындағы қаржының қол жетімділігін тереңдету мақсатында микро қаржыландыруды тарату, бұқараның пікір-ұсынысымен жасампаздық инфра құрылым, тағандық қызметті дамыту деген 3 қызметке назар аударған.

Жобаның Дамыстық Мақсаты

Тұрақты күнкөріс-3 жобасы Жергілікті қыр еліне ең тығыз маңызды қаржы енгізуді жоспарлау, жүзеге асыруда билік, азаматтар, бұқараның кең көлемде қатысуын жақсартуды мақсат етті.

Жобаның құрамды бөлктері

Құрамды бөлік 1: Жергілікті билік, күнкөрісті қолдау қабылетін пайда болғызу

Бұл құрамды бөліктің мақсаты Үкіметтің іс-қызмет бағдарламасы мен жергілікті дамыстың құрам, құрылымын жасау, жүзеге асыру, жергілікті және ұлт деңгейіндегі қарым-қатынасты қуатты нығайту болып табылады.

Жергілікті деңгейде Мемлекеттік біріккен бюджет туралы заң мен Сұмын бағдарламасының ауқымында биліктің міндеті мен жауапкершілігін, қаржы енгізуді жоспарлау, атқарылуына анағұрлым өрлеушілік жасап, нәтижелі басқаруда Сұмын әкімшілігі кедергіге тап болып отыр.

Жоба жергілікті басшылыққа, бұқараға Жергілікті дамыс қоры, Сұмын бағдарламасын жүзеге асыру, орта мерзімдік жоспарлауға бұқараның қатысуы, бюджет жоспарлау, бекіту және сатып алу, басшылық, есеп беру, бақылау зерттеу мен бағалау, жайылымдық жерді жоспарлау және басшылық қатарлыларды қамтыған жобаның атқарылуы қатарлыға байланысты оқыту, мамандық көмек көрсетеді. Оқыту, мамандық жәрдемін аймаққа негізделген Сұмындық қолдау тобы арқылы жеткізеді.

Бұл топтарға оқыту бағдарламасы, материал әзірлеу, оқытушыларға арналған оқыту қатарлы қолдау көрсету Ұлттық мамандық кеңес беру қызметтік тобы мамандық көмек көрсетеді. Бұл құрылым аймақ деңгейіндегі топ пен сұмын басшылығы, азаматтар өзара жақын, тұрақты байланыста болу мүмкіндігін жасайды. Сұмындық қолдау тобы, мамандық көмекке байланысты іс-қызметті Швейцарияның ынтымақтастық агенттігімен (SDC) бірлесіп қаржыландырады.

Ұлттық деңгейде жобаны, Сұмын бағдарламасын жүзеге асыру, Жергілікті дамыс қорын дамытуға байланысты экономика, қаржы мәселесін жауаптанған орталық бұқаралық әкімшілік ұйымдарына мамандық көмек көрсетіп жұмыстайды.

Қазірде сынақ кезеңіндегі Сұмын бағдарламасы тұрғысында, бағдарламаны әзірлеп, ұлғайту мақсатымен Экономикалық дамыс министрлігіне мамандық көмек көрсетіп жұмыстайды. Мұнда Сұмын бағдарламасының сынақ кезеңін бағалау, мұны ұлғайту үшін бағдарламаны жүзеге асыратын нұсқаулық, анықтамалық, ереже, тәртіптерді әзірлейтін сондай-ақ бағдарламаның басшылығы, бақылау зерттеудің ұлттық деңгейдегі құрылымын нығайту қатарлылар қамтылуы мүмкін.

Құрамды бөлік 2: Пәрменді биліктің атқарылуына негізделген қолдау бағдарламасы

Component 2.1: Атқарылуға негізделген қаржыландыру

Пәрменді билікке арналған ынталандыру тұрғысында, жоба Жергілікті дамыс қоры іс-қызметінің қаржылануына арналып сұмынға Пәрменді биліктің атқарылуына негізделген қаржыландыру көмегі көрсетіледі.

Атқарылуға негізделген қаржыландыру бюджетті жоспарлау, бекіту, бюджеттің атқарылуы, бухгалтериялық тізім, есеп беру, ішкі-сыртқы бақылау және бұқралық бақылауы бар қаржылық және саясаттық жоспарлаудан бастап бүкіл бюджет жоспарлаудың барысындағы пәрменді билікті қанағаттандыруды мақсат етеді.

Сұмындық және одан төменгі деңгейде мемлекеттік қаржы енгізу, атқарылуы бюджет әзірлеу барысының маңызды бөлігі болып табылады. Азаматтардың қатысуы, сұмын бюджетін бақ азаматтарының басты бағыты мен Жергілікті дамыс қорының барысын, нәтижесін азаматтардың көңіл қанағаттығымен ұштастыруға төтенше мән беріледі. Сұмындық атқарылудың бақылау зерттеу жүйесіне негіздеп дербес зерттеушілер барлық сұмынның шартына енгізілген атқарылудың өлшемдік көрсеткіштерінің орындалуын жыл сайын бағалайды. Міндетін орындаған және артық орындаған сұмындар келесі қаржы жылының Жергілікті дамыс қорының қаржыландыруына қаржылық қолдау түрімен белгілі сыбаға алады.

Қазіргі жағдаймен бұл қаржыны алдыңғы жылғы бюджет бөлісінің жоғарғы шегі шамамен 25-ке жуық пайыз болуы ықтимал пікір ұсынылып отыр. Алайда бюджеттің жүзеге асуы барысында мұны қайта қарайды және қажет болса өзгеріс енгізуге болады.

Атқарылуға негізделген қаржыландыруды Жергілікті дамыс қорының бөлісі бойынша Мемлекеттік қазына қоры арқылы беріледі.

Құрамды бөлік 2.2: Жылдық жұмыстың атқарылуын бағалау

Жоба, жақсы биліктің атқаруына негізделген қаржыландырудың бөлісін айқындау мақсатымен сұмынның жылдық жұмысының атқарылуы бағаланымдарын ұйымдастырады. Сұмын атқарылуының бағаланымы мен дәрежесін саяси тұрғыда қалыстықты (либералдық) сақтаған үшінші тарап (жақсы билік атқарылуының бағаланым тобы)-мен атқартады.

Жоба Жылдық жұмыс атқарылымының бағалаланым тобын оқыту, қуаттандыру іс-қызметін қаржыландырады. Бұл тете құрамдағы топты SDC-тың қолдауымен бірлесіп қаржыландырады.

Құрамды бөлік 3: Жобаның басшылығы, бақылау зерттеу, бағалау

Жобаны жүзеге асыру бірлігі (ЖЖАБ) Қазына министрлігінде орналасады. Үшінші құрамды бөлік жобаның жүзеге асу құрамын қолдаумен бірге жұмысшылардың расходын, қатысты расход пен бақылау зерттеу бағалау/БЗБ, сатып алу, қаржы менежментінің іс-қызметін қаржыландырады.

Швейцария дамыс ынтымақтастығы агенттігі Жергілікті дамыс қорының Басқару ақпараттық жүйесін әзірлеп дамыту, жобаның тағандық зерттеуі, орта мерзім, нәтиженің ақырғы бағаланымын ұйымдастыру қатарлы БЗБ қолдауын көрсетеді.

Бөлік Б. Саясат және құқықтық талап

Бұл қосымшаға Моңғолияда жүзеге асып отырған қатысты саясат, заң құқықтық орта, Әлем банктың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін саясаттың талаптары жөнінде қамтылған.

Б.1. Жер туралы заң

Моңғолияның Жер туралы заңында жер иеленудің үш түрі көрсетілген:

- Бағасыз иелену: қала, елді мекенде жекелік тұрғын үй салу және жергілікті қыр жерде көкөніс, жеміс жидек, екпе өсімдіктер егу
- Меншіктену: жеке адам, топты тұлға, өндіріс шаруашылық бірлігінің қай қайсысы 15-60 жылдық мерзіммен жергілікті қыр жер (ауыл)-де жерді меншіктену. Меншіктену құқы басқаға иемдендіру, пайдаландыру, мұра ету немесе сатуға болады.
- Пайдалану құқы: Жоғары мерзімі 5 жыл. Пайдалану құқы басқа жаққа иемдендіру, пайдалану, мұра етуге немесе сатуға болмайды және үкіметтен жерді босатқан жағдайда өтем берілмейді.

Ең маңыздысы Жайылымдық жер, шаппа алаңы, орман қоры, жалпылық иемденуге арналған жер (айталық су жармасы, тұз қоры бар жер) және үкіметтің арнайы қажеттілігіндегі жерде иемдену мен меншіктену берілмейді.

Дейтұрғанмен 2006 жылдың соңында парламентке ұсынылған жайылымдық жерді иемдендіретін шарт жасауды қолдаған жобалар бар.

Қазіргі жағдайда ең көп дегенде 5 жыл мерзімдік пайдалану шарты әлденеше белдеулік мекенде сынақ тәртібімен малшылар тобымен жасалып отыр. (ТК-3 жобасының бөлігі емес болғанымен).

Сұмын әкімі мен бақ әкімі жер пайдаланудың дәстүрлі әдеті, қорғау талаптары, қыстау, көктеулік, жайлау, күзеу және қор жерлерді ауыспалы пайдаланудың (сергіту) оңтайлы бөлісі қатарлыларды ескеріп жер ұйымдастыру мәселесін жауаптанып жұмыстайды.

Жер туралы заң табиғат апаты немесе алдынала жоспарланған малдың ауысу қозғалысын талап ететін басқа да төтенше жағдайда өз малшыларына жедел жәрдем жасау жөнінде келіссөз жасауды қатысты әкімдерге міндеттеген.

Егер ол әкімдердің арасында шарт жасай алмаса бұл мәселені жоғары сатыдағы әкім немесе Үкімет шешеді.

Жер туралы заңда маусымдық сыпаттағы жайылым, шабындық алаңын үйлесімді пайдалануды қолдау шарасын, тәртібін бұзса айыппұл салу көрсетілген.

Сұмын, аудан әкімдері бақ, комитеттің Хуралының пікірі негізінде шаруашылық бірлігіне, ұйымға егіндікке арналған жерді беруіне болады.

Жер төлемі туралы заң мен Жерді босату туралы заңда Моңғолияның жер ұйымдастыруына байланысты көрсеткіштер қамтылған.

В.2. Жергілікті әкімшілік

Моңғолияның жергілікті әкімшілігі 21 аймақ, 330 сұмын, 1630 бақтан құралады және жергілікті әкімшіліктің барлық деңгейінің орталығы Әкім болып келеді. Әкімдер мемлекеттің өкілеті бола алуымен бірге қатысты жоғары сатылы әкімдерге тікелей есеп береді.

Аймақ, қала әкімінің атын қарасты мәжілісі ұсынады және Бас уәли кепілдендіреді.

Әкім, Әкімнің орынбасарынан тыс Әкімнің іс басқармасында мына бөлімдер бар: Мемлекеттік әкімшілік, Заң, қаржыландыру, дамыс саясаты, жоспарлау, Әлеуметтік саясат, Қазына, мемлекеттік қор, Бақылау, зерттеу, бағалау, ішкі аудит бөлімдері. Сондай-ақ Әкімнің қарамағында Табиғи орта, сапар-саяхат, Азық-түлік, ауыл шаруашылық /АШ/, Мамандық бақылау деген әлденеше басқарма, агенттіктер бар. Табиғи орта, сапар-саяхат басқармасы аймақта 10-15 адамы бар, сұмында табиғи орта нұсқаушысы, табиғат қорғаушы бар ұйым.

Сұмын ӘІБ-сы Әкім, Әкімнің орынбасары, ІБ бастығы, Әлеуметтік қызметкер (білім, денсаулық, қамқорлық, мәдениет), Малдәрігерлік, зоотехника бөлімшесі, Табиғи орта нұсқаушысы, Табиғат қорғаушы, Әлеуметтік қамқорлық қызметкері (кедейлікті бәсеңдету, жұмыс орны, әлеуметтік қорғау), салық қызметкері, Қазына бөлімі (бастығы, мемлекеттік қор қызметкері, есепші), Жер ұйымдастыру маманы, Заң және ішкі жұмыс маманы, Архив қызметкері мен Бақ әкімдері деген ең жоғарысы 20-30 адамның құрамында.

Жергілікті әкімшіліктің міндеті Әкімшілік, мекен-жер бірлігі, оның басшылығы туралы заңда көрсетілген. Сондай-ақ жергілікті басшылықтың міндеттері жөніндегі 280 көрсеткіші бар 29 басқа заңнамалар бар.

Аймақ, сұмын әкімдеріне Үкімет, салалық министрлік, агенттіктерден көптеген бұйрық, нұсқау, бағыт бағдар беріледі. Бірақ бұл бұйрық, нұсқауларды жүзеге асыруда көбінесе қаржылық және халықтық қордың қауқары шектеулі. Жергілікті әкімшіліктің қызметкерлері тиісті қызмет көрсету, жергілікті дамысты қолдау бағдарламасын әзірлеп жүзеге асыруда басшылық және мамандық қабылеті кемшілікте болады.

Б.3 Мекен-жер, әкімшілік бірлігі туралы заң.

Мекен-жер, әкімшілік бірлігі туралы заңмен Моңғолияның жергілікті әкімшілік құрылымы, міндеті көрсетілген. Бақ, комитет, сұмын, аймақ және Улаанбаатар қаласы деңгейінде Азаматтар хуралы шешім қабылдайды. Аймақ, астана, сұмын, аудан АӨ хуралы жылына кемінде 2 рет, бақ, комитет хуралы жылына кемінде 3 рет мәжіліс шақырады. АХ-ның мерзімін басқармалар белгілейді, мәжіліс бастығы басқарады. Аймақ, сұмын деңгейінде, әкімшілік аумағындағы жан санына байланысты мәжіліс өкілдерінің саны 21-41 болады. Улаанбаатар тұрғысында АӨ Құрылтай мәжіліс өкілі 40.

Сұмын, аймақ, астана мәжіліс өкілдері 4 жыл сайынғы бүкілхалықтық сайлауда сайланады. 18 жасқа толған Моңғолияның жалпы азаматы бақ, комитеттің жалпы жиналысына

қатысады және бақтың 4 отбасының бірі, сұмын, комитеттің 20-30 отбасының бірі жиналысқа қатысса мәжіліс қуаттыға саналады.

В.4. Әлеуметтік қамқорлық туралы заң (2005)

Әлеуметтік қорғау, қамқорлық туралы заң Моңғолия азаматына әлеуметтік қамқорлықтың зейнетақы, жәрдемақы, даяшылық түрлерін үйлестіреді және әлеуметтік қорғау, қамқорлық басшылығының құрылымдық міндеттері мен құрамын белгілеп берген.

Әлеуметтік қызметкерлерді сұмын және белдеулік деңгейінде мына міндетпен тағайындайды:

- Нәзік топтың және кедей отбасы, азаматтардың қажеттілік талабын бағалау,
- Әлеуметтік қорғау, жәрдемақы алатын отбасы, азаматтарды тауып белгілеу және;
- Кедей, тақыр кедей отбасы, қоғамдық нәзік топтың қауқарын жақсарту бағытында кеңес беру, оқыту.

В.5. Ұлт азшылығы жөніндегі саясат

Ұлт азшылығын дамытуға бағытталған айқын саясат, заң, тәртіп жоқ. Дегенмен барлық ұлт азшылығы Негізгі заң бойынша тең құқылы. Моңғолияның Негізгі заңында «адамды ұлты, тегі, тілі, нәсілі, жасы, жынысы, әлеуметтік тегі, ақуалы, дәулеті, қызметі, лауазымы, діни наным, көзқарасы, біліміне қарай алалап шеттетуге болмайды» деп көрсеткен.

Бөлік С. Ұлт азшылығы азаматтарының қатысуын қолдау жоспары

С.1 Таныстыру

Ұлт азшылығы азаматтарының қатысуын қолдау жоспарын Әлем банктың ОР 4.10, «Жергілікті азаматтар»-ында көрсетілген бойынша Моңғолияның Тұрақты күнкөріс (ТК-3)-нің 3- кезеңінің қосымша қаржыландыруына арнап әзірлеудеміз.

Жоба дамысының мақсаты жергілікті қыр мекенге аса тығыз маңызды қаржы енгізуді жоспарлау, жүзеге асыруда билік, азаматтар, бұқараның қатысуын пәрмендендіру болып табылады.

Біріккен үйлестіру, бақылау, зерттеу, бағалау, қаржы, сатып алу бақылауын сақтаумен қатар жоба басшылығының міндетін жергілікті әкімшілік, аймақ, сұмын (қырға)-ға біртіндеп ауыстыру жолымен басшылықтың орталықтанған емес құрылымын жасау мақсатындағы жобаның біріккен басшылығы арқылы Моңғолия көлемінде Ұлттық деңгейде 2019-2022 жылдарда жүзеге асырып осы мақсатқа жетеді.

Бұл бағдарлама Әлем банкісінің /Дэлхийн банк/ саясатына қамтылған «Жергілікті азаматтар» анықтамасына сай келетін сыпаттағы 2 топқа ықпал етіп жұмыстайды. Әлеуметтік бағалау жасалған және бұған еркін, алдынала әзірленген, ақпаратпен қанымдайтын сұхбаттық кездесулердің нәтижесінде жобаның мақсатын бұқара қолдайтынын білдіріп, жобаның іс-қызметінен пайда алуға ынталы екендігін білдірген.

Ұлт азшылығы азаматтарының қатысуын қолдайтын жоспардың ең басты мақсаты бұл топтар жобаға қатысып, пайда алу үшін мәдени тұрғыда мүмкіндікте болу шартын қанағаттандыру болып отыр.

С.2 Азшылық азаматтарының құқықтық және ұйымдық ауқымы

Ұлт азшылығының Құхы «адамды ұлты, тегі, тілі, нәсілі, жасы, жынысы, әлеуметтік тегі, ахуалы, дәулеті, қызметі, лауазымы, діни нанымы, көзқарасы, біліміне қарай алалап шеттетуге болмайды» (Моңғолия Негізгі заңы, 1992, 2- бөлім, 14-бап) деп көрсетіліп Моңғолияның Негізгі заңымен кепілденген.

Моңғолия Үкіметі 2008 жылы 17 желтоқсанда 255-қаулысымен цаатан азаматтарды қолдау бағдарламасын бекіткен. Тек қана тайгада тұратын цаатан азаматтарды қолдайтын бұл жобаның қаржыландыруы 624 млн. төг. Бағдарлама ауқымында олардың сұмын орталығында тұруына арнап 62 отбасына моңғол үй, күн нұры батареясы берілген және оларды бақ мәжілісіне қатысатын мүмкіндікпен қанымдап, 12 млн. төг құнымен 2 бөлмелі Бұқаралық үй тұрғызып, малдандыру мақсатымен әр отбасына 10 ешкі, кербұғының өсімін жақсарту мақсатында Ресей тайгасынан 20 кербұғы сатып әкеліп, цаатан 6 студентті жоғарғы мектептерге жәрдемақымен оқытты. 2010 жылы сұмын ӘІБ-сы цаатанның 2 руына (батыс, шығыс тайга) 2 дәрігер тағайындауды жоспарлаған.

С.3 Моңғолияның Ұлт азшылығы азаматтары

Моңғолияда 30-дан астам сүйекті (тайпа)-лер бар. Бұл топтар Моңғолдың көшпенді тайпаларының тұқымы немесе уақыт барысында моңғолданған Түркі тектілердің топтары. Халхалар халықтың көпшілігін, яғни 84,5 %-ін, қазақ 3,9%-ін, дөрвөд 2,4%-ін, баяд 1,7%-ін, бурят 1,3%-ін иеленуде.

Батыс Моңғолияда тұратын қазақтан басқа барлық сүйектілер халх тілі арқылы өзара түсініседі. Моңғол үндестігімен сөйлейді. Қазақтар арнайы сөйлеспелі және жазба тілді ұлт азшыл бөлігі. Моңғолияның ұсақ ұлттарының көпшілігі Халхмен бірдей салт-сана, дәстүрлі.

Моңғолияның батыс бөлігіндегі бірыңғай ислам дініндегі, тіл тұрғысында айырмашылықтағы Қазақ халқы мен солтүстік бөлігіндегі, көшпенді салттағы кербұғыны кәсіп еткен Цаатан қауымын есепке алмағанда Моңғол тектілер тобын экономика, әлеуметтік яғни заң бойынша маңыздыға санамайды, келесі жағынан жобаға қатысу мүмкіндігін шектеген ыңғайсыз жағдай бар.

Ұлт азшылығы азаматтарының қатысуын қолдайтын бұл жоспар тек қана Цаатан және Қазақ азаматтарға қатысты. ТК-3 жобасының Қосымша қаржыландыруы нендейбір кері ықпал туындатады деп жобаның ықпалына ұшырасатын мүмкіндіктегі адамдар болжаған жоқ екендігін Әлеуметтік бағалау барысында ұйымдастырылған кеңестер көрсетіп отыр. Бірақ Цаатан, Қазақ азаматтардың жобаға қатысу, берешегін игіліктену мүмкіндігін шектеуі ықтимал жағдай әлі де бар.

С.3.1 Цаатан және ТК-3 жобасы

Цаатандар Хөвсгөл аймағының терістігінде Цагааннуур сұмынның салқын белдеулігіндегі тайгада ежелден кербұғы өсіріп тіршілік етеді. Кербұғы орман мүгі, өсімдікпен қоректенеді. Цаатандар кербұғысын көлікке пайдаланып, сүтін азық етіп, терісінен киім, үй бұйымдарын жасайды. Кәртейген, көлікке, саууға жарамсызын азыққа тұтынады. Цаатан қауымы шағын, дәстүрлі күнкөрісі ықшамдалған, кедейлік мол, жағырапиялық, экономикалық жағдай ерекшелігі, бұғы өсіру қауқары төмендеген, кербұғының жаратылыстық салмағы азайған және денсаулық мәселелері салдарынан төтенше нәзік ақуалда.

ТК-3 жобасын жүзеге асыру кезінде жоба тобының мүшелері (2019 ж маусым) Жергілікті дамыс қорының және ТК-3 жобасының іс-қызметін таныстыру, білім беру, денсаулық, білім, күнкөріске байланысты олардың қажеттілігі жөнінде сұхбат, кездесу ұйымдастыру мақсатымен тайгада қызметтеп, цаатан халқымен кездесті.

Жеңілдетілген бағамен сатылатын дәрі-дәрмек жетіспейтінін қарттар сөз етті. Цаатандар кербұғының ауруын емдеу даяшылығы, тұқымын жақсарту қатарлы шараларды жүзеге асыру жолымен кербұғының азаюына тиым салу, дәрігерлік, тұқым-селекциялық мамандық көмек көрсетуді ұсыныс етті. Сұмынымен қатынасатын байланыс мәселесі де кезегін күткен екен.

Цаатан азаматтар Жергілікті дамыс қорының қаржыландыратын инфра жобасы деп қарауға болатын күн сайын ұшырасатын кедергілерді анықтайтын білім қабылеті кемшіндіктен өз қажеттерін білдіруі әлсіз екендігін танытты.

Цагааннуур сұмынының жалпы жан саны 2019 жылы 1995 адам, 901-і орталық бақта, 1077-сі аулақтағы бақта тұрды. Цаатандар сұмын орталығы тұрғындарының 16,8%-ін, аулақтағы бақ тұрғындарының 34,7%-ін иеленді. 85 отбасының (2013 жылы 80) 335 цаатан азаматы Тайга орманында кербұғыларымен дәстүрлі таулық салтымен өмір сүріп отыр.

2017 жылғы санақта 2159 кербұғы санатқан. Тұратын мекендеріне байланысты «батыс», «шығыс» руға бөлінеді.

2006 жылы Батыс, Шығыс тайгада 335 цаатан болған. Сұмын орталығы мен ой жерде тұратын басқа цаатандар яғни цаатан сүйектілер жалпы халхлармен бірдей өмір сүруде.

Ұлт азшылығы азаматтарының қатысуын қолдайтын бұл жоспардың көрсеткіштері әуелгі кезекте батыс, шығыс тайгада тұратын аулақтағы цаатандарға қатысты.

Цаатандармен жүргізілген сұхбаттан туындаған принциптік мәселе-алыс белдеулікте ежелгі салтымен отырған азаматтар жобаның шешім қабылдау процесіне қатыса алмады, соның салдарынан оларға берешекті біркелкі игіліктендіру мүмкіндігінің табылмағандығы болды.

Сондай-ақ аулақ белдеуліктегі цаатандардың шешім қабылдау процесі басқа Азаматтар хуралынан басқаша болды. Сұхбатқа қамтылған цаатандар өздерінің ұсынған пікірлері сапасыздығынан бас тартатын тәрізді, көп адамға игілігін берерлік сұмынның кең көлемді басты бағытымен сәйкеспес деп уайымдайтынын білдірді.

Цаатандарға малдәрігерлік даяшылық, кербұғы өсіру іспетті төтенше мән берерлік қажеттілік бар екенін айтты. Жергілікті дамыс қорынан қаржыландыру алса алда ұшырасатын кедергілер:

Инфра жобаға ұсыныс жинау: Маусымдық фактор, цаатан азаматтардың мекен тұрағының алыстығы қатарлылардың салдарынан сауалнама арқылы пікір алу мынадай жағдайда өмірмен сәйкеспейді, мүмкін емес нәрсе. Жергілікті дамыс қорының тәртібі бойынша бақ әкімі сауалнаманы таратып, сәуірдің соңында жинап алуға тиіс. Бақ әкімі мотоциклмен (көрсеткіші жақсы бола тұра) тайгадағы цаатандарға қыс пен көктемде жете алуы оңай емес.

Бақта ең тығыз маңызды инфра жоба тізімін жасау: Цаатандар аз болғандықтан бақ мәжілісінде олар өздері ұсынған инфра жобаға пікір алу, қолдату мүмкіндігі аз. Цаатандардың ауылбасының айтуынша: *«Цаатан азаматтар аз болғандықтан біздің ұсынған инфра жобамыз бақтың жалпы мәжілісінде пікір жинағанда алынып тасталады. Көпшілігі тайгада тұратын адамдар емес болғандықтан біздің пікір дерлік қолдау таппайды. Пікірімізді олар қай қашаннан қолдамайтыны анық. Мұндай жағдай біздерді бақ мәжілісіне қатыстырмау мүмкіндігін жасайды»-деді.*

Цаатан азаматтардың әл-қуаты осал: Цаатан азаматтар сұмын әкімшілігіне қажеттілік, көкейтесті мәселе, пікір вариантын әзірлеп реттеп, ұсынып таныстыратын, қатынасатын қабылетсіз.

Цаатан азаматтардың қауқарын арттыру үшін бұқаралық қатысымның басқаша құралдарын пайдаланатын қабылетті, тәжірибелі, білімді маманмен бірлесіп күрделі жоспар жасау талап етіледі.

Бұл үйлестіру азаматтар қажеттілігін анағұрлым кең ауқымда көріп, ой-пікірін жергілікті әкімшілігіне анағұрлым нәтижелі ұсынуына мүмкіндік береді. Соның нәтижесінде жергілікті әкімшілік бұл адамдардың қажеттілігін Жергілікті дамыс қорының көзімен оларға көмектесу жолдарын табуына мүмкіндік жасайды.

Сайып келгенде, жоба Цаатан азаматтар жергілікті дамыс қорынан игіліктенетін мүмкіндікті жасаумен бірге оларды өздерінің қалауын ұғынатын мүмкіндікпен қанымдайтын арнайы шаралары бар іс-қызметті жүзеге асырып, қатысуын арттырып жұмыстау керектігін Цаатан азаматтармен жасалған сұхбат айқындап берді.

С.3.2 Қазақ және ТК-3 жобасы

Моңғолияның жан санының 3,9%-ін иеленетін Қазақтар ең ірі Ұлт азшылығы. Басқа тіл, ислам діни нанымдары Қазақ пен Моңғол, басқа ұлт, ұлыстардың өзара ұлттық айырмашылығын көрсетсе де Қазақ азаматтарының күнкөрісі осынау Моңғол тектілерден тым ажыратылмайды.

Жергілікті статистикалық ақпаратқа қарағанда (Баян-Өлгий аймағы, 2012) Қазақ азаматтары Баян-Өлгий аймағында шамамен 75%-і, Ховд аймағында 8,9%-і, Дархан-Уул аймағында 2,4%-і, Төв аймағында 0,9%-і, Орхон аймағында 0,6%-і, Хэнтий аймағында 0,5%-і тұрады.

Қазақ азаматтарының орталықтануы дерлік басқа жерде тым бола бермейтіндіктен Ұлт азшылығы азаматтардың қатысуын қанағаттандыру/қолдаудың бұл бағдарламасы осы екі аймаққа қатысты.

Баян-Өлгий мен Ховд аймағында тұратын қазақтардың көпшілігі жоба қызметіне қатысу дәрежесінде мамандық деңгейде Моңғол тілінде сөйлей, оқи алмайды. Қазақ азаматтарын Жергілікті дамыс қоры туралы тиісті біліммен қанағаттандыру, мұның процесіне қатыстыру, сұмын іс басқармасының мамандарына, қазақ азаматтарға ТК-3 жобасының жылдық жұмыс атқарылуы бағаланымының нәтижесі жөніндегі ақпаратты Моңғол, Қазақ тілінде жазбаша және ауызша насихаттап тарату, ұғымын арттыратын мүмкіндік жасау мүлтіксіз талап етіліп отыр.

С.3.4 Цаатан азаматтардың қатысуын қанағаттандыратын шараларды жоспарлау

12. ТК-3 жобасының Әлеуметтік бағаланым бір бөлігі ретінде ұйымдастырған сұхбат пен 2019 жылы жасалған жолдамалық бағаланымнан туындаған ұсыныстарға жауап ретінде дәстүрлі Цаатан салтындағы азаматтар жобаның іс-қызметіне тең құқылы біркелкі қатысып, жобадан берешек алу мүмкіндігін жасаудың мына ерекше сыпаттарын жобаның үлгісіне енгіздік. Жүзеге асырылатын шараларға:

Шара 1: Бұқаралық қолдау, бақылау бағаланымына Цаатан азаматтарының өкілеттік қатысуын пайда болғызу

Қиыр шет өңірде бұғы бағып тіршілік етіп келе жатқан Цаатан азаматтар сұмын орталығында болып жатқан іс-қызметке дерлік қатыса алмаумен бірге жергілікті шешім қабылдау процесіне де қатыса алмайды. Сұмын деңгейінде шешім қабылдау барысына қатысып жүрген адамдар алыстағы Цаатан азаматтарымен қатынасуы сирек, олардың қажеттілігі мен қалауы туралы білері шамалы. Сондай-ақ сұмынның (хуралдың) мәжілісінде азаматтардың басым көпшілігінің мүддесі ғана өкілеттік етеді дейтін ұғым бар.

2012 жылы 22 қыркүйекте бекітілген Қазына министрінің 144-қаулысы Ілеспесінің /Хавсралт/ 1-дің 12.2, «Жергілікті бюджеттің жобасын әзірлеу тәртібі»-нде аймақтық, аудандық жергілікті дамыс қорымен жүзеге асатын қаржыландыру, бағдарлама, жоба, іс-қызметін жоспарлауда көпшілік бұқараның қатысуын қанағаттандыру көрсетілген.

Аймақтық қолдау тобы Цаатан азаматтар, Жергілікті дамыс қоры, Бақ мәжілісінің көпірі болып жұмыстап Жергілікті дамыс қорының жобасын әзірлеуге көмектеседі. Цагааннуур сұмынында, әсіресе алыстағы бақ мекенінде жүзеге асқан инфра/дэд төсөл/ жобалардың сапасын қанағаттандыру үшін бұқаралық бақылау, бағалау арқылы инфра жобаның сапасын бақылайтын мүмкіндікті цаатандарға беріп, Цаатандар өздерінің ой-пікірін білдіріп, сапалы қаржыландыру талап ететін мүмкіндікке ие болады.

Шара 2: Жергілікті дамыс қорына пікір ұсынудың өзге тәсілі

ТК-3 жобасының аймақтық қолдау тобы сұмын деңгейінде бақ мәжілістерінің өкілеттігі неғұрлым жоғары болу мүмкіндігін жасап жұмыстайды. Цаатан белсендендірушілері бақ

мәжілісіне Цаатандарды қатыстыру, олардың өздерінің жобалық пікірі мен басқа жоба, ұсынысқа пікір беруіне басты міндет атқара жұмыстайды.

Сондай-ақ олардың Жергілікті дамыс қорынан қаржыландыру алуына бәсекелесерлік жоба жасайтын талапқа сай қабылеті шектеулі. Бұл мәселені шешу үшін Цаатан белсендендірушілердің жәрдемімен Батыс, Шығыс тайга рулық Цаатандар шешім қабылдайтын өздерінің дәстүрімен жоба пікірін әзірлеп, бақ мәжілісіне басқа пікірлермен бірге өз пікірлерін ұсынады.

